

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын басқарудың құрылымын қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 28 шілде 1995 ж. N 1033

Электр энергетикасы саласында қалыптасқан ауыр жағдайды жақсарту, оның нарық жағдайындағы қызметінің ұйымдық, экономикалық тетіктерін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық "Қазақстанэнерго" компаниясы мен энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестіктерін олардың базасында 1 қосымшаға сәйкес республикалық мемлекеттік кәсіпорындар етіп қайта құру туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі 1 қосымшада аталған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органының және мемлекеттік меншік құқы субъектісінің қызметін жүзеге а с ы р а д ы д е п б е л г і л е н с і н .

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі аталған республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жарғыларын екі ай мерзімде бекітсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі бекіткен тізбе бойынша бірыңғай ұлттық электр жүйесін құрайтын жүйеаралық және мемлекетаралық электр тарту желілері мен қосалқы станцияларын, шаруашылық жүргізу құқын "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикалық жүйесі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына беріп, ол "Қазақстанэнерго" мемлекеттік электр энергетикалық компаниясының құқылық мұрагері болып белгіленсін.

3. "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикалық жүйесі республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 2 қосымшаға сәйкес еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат б е р і л с і н .

4. "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикалық жүйесіне:
республикадағы электр энергиясын тұтыну және өндіріс баланстарын әзірлеу;
электр энергиясы мен қуаттарын экспорттау және импорттау мәселелерінде мемлекеттің м ү д д е л е р і н с а қ т а у ;

республиканың ішіндегі және елден тысқары өндірушілерден электр энергиясын сатып алуға, республикалық мемлекеттік энергетикалық кәсіпорындарға, сондай-ақ ұлттық электр жүйесіне қосылған тұтынушыларға республикадан тысқары электр энергиясын сатуға шаруашылық шарттарын жасау және өткізуді қоса алғанда электр энергиясы мен қуаттары рыногын реттеу функциялары жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінде мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі басқарма құрылсын.

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік энергетикалық қадағалауы туралы Ережені Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне белгіленген тәртіппен енгізісін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 3-абзацы алып тасталды - ҚРҰ-нің 2003.04.25. N 402 қаулысымен .

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетімен келісіп, мыналарды көздейтін электр энергиясы мен қуаттарға және жылу энергиясына баға белгілеудің әдістемесін 1995 жылдың 1 қазанынан күшіне енгізісін:

Ескерту. 6-тармағындағы 2-абзацы 1996 жылғы 1 ақпаннан бастап күшін жойған - ҚРҰ-нің 1996.01.26. N 102 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың 3-абзацының күші 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшін жойған - ҚРҰ-нің 1996.12.31. N 1759 қаулысымен .

7. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың 1 қосымшада көрсетілген тізбесін енбеген электр энергетикасы кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарының мәртебесін 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін айқындасын.

8. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі электр энергетикасы кешеніндегі басқаруды қайта құруға байланысты министрліктің орталық аппаратының құрылымын өзгерту жөнінде ұсыныстарды бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 5 ж ы л ғ ы 2 8 ш і л д е д е г і
N 1 0 3 3 қ а у л ы с ы н а

1 Қосымша

**"Электрэнергетика" саласындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорындардың
Тізбесі**

"Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикалық жүйесі, Алматы қаласы
"Алматыэнерго" Алматы энергетикалық жүйесі, Алматы қаласы
"Алтайэнерго" Шығыс Қазақстан энергетикалық жүйесі, Өскемен

қ а л а с ы

"Атырауэнерго" Атырау энергетикалық жүйесі, Атырау қаласы
"Запказэнерго" Батыс Қазақстан энергетикалық жүйесі, Ақтөбе

қ а л а с ы

"Қарағандыэнерго" Қарағанды энергетикалық жүйесі, Қарағанды

қ а л а с ы

"Қостанайэнерго" Қостанай энергетикалық жүйесі, Қостанай

қ а л а с ы

"Павлодарэнерго" Павлодар энергетикалық жүйесі, Павлодар

қ а л а с ы

"Целинэнерго" Тың энергетикалық жүйесі, Ақмола қаласы

"Южказэнерго" Оңтүстік Қазақстан энергетикалық жүйесі,

Ш ы м к е н т

қ а л а с ы

Е р м а к Г Р Э С - і

Қ а п ш а ғ а й Г Э С - і

*Ескерту. 1-ші қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.
09.19. N 1268 , 1995.08.11. N 1118 , 1996.01.26. N 102 , 1996.11.29. N 1453
қаулыларымен.*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң

1 9 9 5 ж ы л ғ ы 2 8 ш і л д е д е г і

№ 1 0 3 3 қ а у л ы с ы н а

2 қосымша

**"Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикалық
жүйесіндегі еншілес кәсіпорындардың
Тізбесі**

Қазақстанның энергия жүйелерін біріккен диспетчерлік басқару
(Қ а з а қ с т а н Б Д Б)

Е к і б а с т ұ з 1 - Г Р Э С - і

Е к і б а с т ұ з 2 - Г Р Э С - і

Ж а м б ы л Г Р Э С - і

Қарағанды 2-ГРЭС-і

*Ескерту. 2-ші қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.
09.19. N 1268 қаулысымен.*

*ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 663 қаулысын қараңыз
(4 тармақ).*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК